



Каспий Құбыр Консорциумы-Қ


Акционерлік Қоғамы

Акционерное Общество

Каспийский Трубопроводный Консорциум-К

БЕКІТЕМІН:

Бас директор

 Н.Н. Горбань

**“КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫ-Қ” АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ (“КҚК-Қ” АҚ)
ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫН
ОРЫНДАУҒА ҚАТЫСТЫ
САЯСАТЫ**

№ 1 редакция

Сест. В-УРСК - 0093 - 2021 - 29.07.2021 бұйрықпен қолданысқа енгізілді.
Қолданысқа енгізілген күні «01» 08 201_ ж.

Атырау

2021

МАЗМҰНЫ

1. МАҚСАТЫ	3
2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ	3
3. НОРМАТИВТЕРДІҢ СІЛТЕМЕЛЕРІ	3
4. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
5. ПРОЦЕСС СИПАТТАМАСЫ	5
6. ЖАУАПКЕРШІЛІК	6
7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
8. ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ	6
X-ҚОСЫМША - ӨЗГЕРТУ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	7

КҚК-Қ	“КҚК-Қ” АҚ жеке деректерді өңдеуге және қорғау талаптарын орындауға қатысты саясаты	№ 1 редакция
-------	---	--------------

1. МАҚСАТЫ

1.1 Жеке деректерді өңдеуге және қорғау талаптарын орындауға қатысты осы саясат - “Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” акционерлік қоғамында жеке деректерді қорғау талаптарын орындаудың жалпы қағидаттарын белгілейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сүйеніп әзірленген, корпоративті веб-сайтта жариялануы тиіс жергілікті норматив акт.

2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

2.1 Осы жеке деректерді қорғауға қатысты Саясаттың талаптары “КҚК-Қ” АҚ-ның барлық қызметкерлеріне, оның бұрынғы қызметкерлеріне, сондай-ақ жеке деректердің өзге субъектілеріне қатысты қолданылады.

3. НОРМАТИВТЕРДІҢ СІЛТЕМЕЛЕРІ

Осы құжатта 1-кестеде берілген мына норматив құжаттарға сілтеме қолданылған:

1-кесте. Норматив құжаттарының тізімі

№	Норматив құжаттары
1	Сыртқы
1.1	“Жеке деректер және оларды қорғау туралы” 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ЗРК Қазақстан Республикасының заңы
1.2	«Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 03 қыркүйектегі № 909 қаулысы
1.3	“Меншік иесінің және (немесе) оператордың өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажет және жеткілікті жеке деректердің тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1214 қаулысы
1.4	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 395/НҚ «Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы
2	Ішкі
2.1	КҚК-Қ АҚ жеке деректерді өңдеу және қорғау ережесі. № 1 редакция (30.06.2017 ж. № Out-B-CPCK-0163-2017 бұйрық)
2.2	Ақпарат қауіпсіздігін басқару саясаты КСТ АҚ 01.07.2019, № 2 редакция (15.08.2019 ж. № Out-B-CPCK-0058-2019 бұйрық)

4. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта қолданылатын терминдер мен қысқартулар 2-кестеде берілген.

КҚК-Қ	“КҚК-Қ” АҚ жеке деректерді өңдеуге және қорғау талаптарын орындауға қатысты саясаты	№ 1 редакция
-------	---	--------------

2-кесте. Терминдер мен қысқартулар

№	Термин / Қысқарту	Термин анықтамасы / қысқартуды ашып көрсету
1		Терминдер
1.1	Қоғам, Компания, Ұйым, Жұмыс беруші	“Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” акционерлік қоғамы
1.2	Қызметкер.	Еңбек шартына сүйеніп және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде көзделген өзге себептермен Жұмыс берушімен еңбек қатынасын құрған жеке тұлға.
1.3	Жеке деректер/ЖД	Белгілі немесе анықталу үстіндегі жеке тұлғаға (жеке деректердің субъектісі) тікелей немесе жанама қатысы бар кез келген ақпарат
1.4	Жеке деректердің субъектісі	Жеке деректердің көмегімен тікелей немесе жанама анықталатын жеке тұлға. Осы Саясатқа сәйкес жеке деректердің субъектісі мыналар болады: КҚК-мен жасалған еңбек шартына сүйеніп еңбек қызметін орындап жатқан жеке тұлғалар (қызметкерлер); бос орынға үміткер ретіндегі жеке тұлғалар; өтеулі қызмет көрсету келісімшарттары бойынша қызмет көрсетудегі/жұмыс орындаудағы жеке тұлғалар; тәжірибеленушілер; Компанияға келушілер; соларға қатысты ерікті медициналық сақтандыру келісімшарттары жасалғанда Компания қызметкерлерінің туысқандары; алимент алушылар; қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан және аурудан сақтандыру келісімшарты бойынша тағайындалатын пайда табушылар; жеке тұлғалар - қайырымдылық көмек алушылар және олардың заңды өкілдері.
1.5	Жеке деректерді өңдеу	Автоматтандыру құралдарын қолданып немесе ондай құралдарды қолданбай жеке деректерге қатысты жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекет жиынтығы, соның ішінде жеке деректерді жинау, жазып алу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, қолдану, беру (тарату, табыстау, қолдануға рұқсат беру), иесіздендіру, бұғаттау, кетіру, жою.
1.6	Жеке деректердің субъектісі оның жеке деректерін өңдеуге берген келісімі	“КҚК-Қ” АҚ жеке деректерді өңдеу және қорғау ережесіне сай “КҚК-Қ” АҚ тарапынан оның жеке деректерін өңдеуге жеке деректердің субъектісі жазбаша берген келісімі
1.7	Жеке деректерді шекарадан өткізіп беру	Жеке деректерді шетелдік мемлекеттердің аумағына өткізіп беру

КҚК-Қ	“КҚК-Қ” АҚ жеке деректерді өңдеуге және қорғау талаптарын орындауға қатысты саясаты	№ 1 редакция
-------	---	--------------

№	Термин / Қысқарту	Термин анықтамасы / қысқартуды ашып көрсету
1.8	Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпарат қауіпсіздігі комитеті
2	Қысқартулар	
2.1	«КҚК-Қ» АҚ, КҚК-Қ	“Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” акционерлік қоғамы

5. ПРОЦЕСС СИПАТТАМАСЫ

5.1 “Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” акционерлік қоғамы (бұдан әрі КҚК-Қ) өзінің негізгі қызметін орындау аясында жеке деректерді өңдейді.

5.2 Іскери беделін сақтау және “Жеке деректер және оларды қорғау туралы” Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын және соған сәйкес қабылданған норматив актілердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, КҚК-Қ тиісті құқықтары мен міндеттері бар, жеке деректерді қамтитын базаның операторы бола отырып, жеке деректерді өңдеудің заңды болуын, өңделетін жеке деректердің тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етеді.

5.3 КҚК-Қ-да жеке деректер заңды себеппен өңделіп, алдын ала белгіленген заңды мақсаттардың орындалуымен шектеледі. Оларды өңдеу мақсаттарына сәйкес жеке деректер ғана өңделеді. Өңделетін жеке деректердің мөлшері мен көлемі мәлімделген өңдеу мақсатына сәйкес, өңделетін деректердің артық болуына жол берілмейді.

5.4 Жеке деректерді өңдеу кезінде КҚК-Қ-да олардың анық, жеткілікті және қажет жағдайда жеке деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты өзекті болуы қамтамасыз етіледі. КҚК-Қ толық емес немесе анық емес, сондай-ақ артық жеке деректерді жою немесе анықтау үшін қажет шараларды қолданады және қолданылуын қамтамасыз етеді.

5.5 КҚК-Қ субъектінің жеке деректерін оның келісімінсіз жалпыға ортақ дереккөздерде жарияламайды.

5.6 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгесі көзделмесе, КҚК-Қ өз қызметі барысында жеке деректерді өңдеу үшін жеке деректердің субъектісінің келісімімен үшінші тұлғаларды тарта алады. Бұнда жеке деректердің өңделуін басқа тұлғаға тапсырудың міндетті шарты - ондай тұлғаның құпиялықты сақтау және өндегенде жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті.

5.7 КҚК-Қ өз қызметін жүргізу барысында жеке деректерді шетелдік мемлекеттердің аумағындағы заңды тұлғаларға шекарадан өткізіп бере алады, егер сол мемлекеттер, сондай-ақ жеке деректер берілетін заңды тұлғалар тарапынан жеке деректердің қорғалуы қамтамасыз етілсе.

5.8 Өндегенде жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жеке деректерге рұқсатсыз қол жеткізу, ондай рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау мүмкін болмаған жағдайда, жеке деректерге рұқсатсыз қол жеткізілгенін уақытылы анықтау, және жеке деректерге қол жеткізудің жағымсыз салдарын барынша азайту үшін КҚК-Қ қажет және жеткілікті құқықтық, ұйымдастыру және техникалық шараларды қолданады.

КҚК-Қ	“КҚК-Қ” АҚ жеке деректерді өңдеуге және қорғау талаптарын орындауға қатысты саясаты	№ 1 редакция
-------	---	--------------

5.9 КҚК-Қ-да жеке деректерді ұйымдастыру және техникалық тұрғыдан қорғауға қатысты шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.9.1 КҚК-Қ басшылығы жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын және қажет екенін түсінеді, және КҚК-Қ негізгі қызметін орындау аясында өңделетін жеке деректерді қорғау жүйесінің үнемі жетілдірілуін мақұлдайды.

5.10 КҚК-Қ-да жеке деректер Қазақстан Республикасының аумағындағы қорда сақталады.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1 “Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” АҚ Жеке деректерді өңдеуге және қорғау талаптарын орындауға қатысты саясатты әзірлеу және өзгерту енгізу үшін жауапкершілік Жалпы мәселелер департаментінің Кадр бөліміне жүктеледі.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Саясат Бас директордың бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

7.2 Осы Саясатта жазылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай реттеледі.

7.3 Саясатты барлығы аша алады және “КҚК-Қ” АҚ ресми сайтында жариялануы тиіс, немесе осы құжатты шектеусіз ашу жолы басқаша қамтамасыз етіледі.

8. ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ

Осы процедураның қосымшалар тізімі 1-кестеде берілген.

1-кесте Қосымшалар тізімі

Қосымша	Атауы
1.	Өзгерту тіркеу парағы

